

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

17-сабақ

Тақырып: Мүмкіндіктер саны

Сынып жұмысы

1. Асқардың 5 ақ жейдесі және 6 қара жейдесі бар. Ол неше түрлі әдіспен жейде киюі мүмкін?
A) 30 B) 11 C) 15 D) 10 E) 6
2. Асқардың 5 жейдесі және 6 шалбары бар. Ол неше түрлі әдіспен киінуі мүмкін?
A) 30 B) 11 C) 15 D) 10 E) 6
3. Асқардың 5 жейдесі, 4 футболкасы, 5 спорттық шалбары және 6 классикалық шалбары бар. Ол неше түрлі әдіспен киінуі мүмкін?
A) 30 B) 20 C) 25 D) 50 E) 40
4. 5А сыныбында 25 оқушы оқиды. Олардың 13-і қыз бала. «Алтын күз» жарысына қатысушы ретінде 1 қыз бала және 1 ұл баланы неше түрлі әдіспен таңдауға болады?
5. 5А сыныбында 25 оқушы оқиды. Олардың 13-і қыз бала. Сынып старостасын және оның орынбасарын неше түрлі әдіспен таңдауға болады?
6. 5А сыныбында 25 оқушы оқиды. Олардың 13-і қыз бала. 2 кезекшіні неше түрлі әдіспен таңдауға болады?
7. 3 баланы неше түрлі әдіспен сапқа тұрғызуға болады?
5 баланы ше? 10 бала болса неше әдіс?
8. Айжанда алма, өрік және шие бар. Айжан неше түрлі кампот жасай алады?
9. Барлық цифрлары тақ сандар болатын неше үш таңбалы сан бар?
10. Барлық цифрлары жай болатын неше төрт таңбалы тақ сан бар?
11. «Нұрасыл» сөзінің әріптерінен, әр әріпті бір реттен ғана қолданып, неше үш әріпті сөз құрауға болады?
12. «Қазақстан» сөзінің әріптерінен, әр әріпті бір реттен ғана қолданып, неше төрт әріпті сөз құрауға болады?
13. 1,2,3,4,5 цифрлары арқылы, әр цифрды бір реттен ғана қолданып, неше бес таңбалы сан құрауға болады?
14. 0, 1, 2, 3 цифрлары арқылы, әр цифрды бір реттен ғана қолданып, неше төрт таңбалы сан құрауға болады?